



1-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІҚАТЫНАСҚА

Кіріспе





Диссертация жазудағы қиындықтың негізгі себептерінің бірі – осы зерттеуді қалай жүргізу керек, қай жерден бастау керек, қай жолмен жүру керек, нені жазу керек, нені жазбау керек, оны қалай жазу керек, жалпы жұмыстың алгоритміне қатысты ешқандай қазақ тілді нұсқаулықтың болмауы.

Егер ағылшынша түсінетін болсаңыз, онда <https://study.sagepub.com/oleary3e> сілтемесіне кіріп, сол жерден курсқа, кітапқа қатысты қосымша ақпараттарды қарап шыға аласыз.

Адам жаратылысынан, туыла сала білімге, ізденуге құмарлықпен туады. Абай атамның 7-қара сөзінде: Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Нәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демекшілік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі - жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген”. Міне, осы Абай айтқан жан құмарлығын өсе келе қанағаттандыратын – ғылым.

Сондықтан ғылым саласы инемен құдық қазғандай қиын, күрделі болғанымен де, соңында үлкен жан рахатына әкеліп, көңіліңізді тыныштандыратын еш нәрсеге тең келмейтін әлемге жетелейтін жол. Ізденумен бәріміз айналысамыз. Мысалы, егер сіздің сүйікті әншіңіз не өзіңіз қызығатын бір қызығушылықтарыңыз болса, сіз ол туралы білуге құмар боласыз. Ол туралы мүмкіндігінше көп нәрсе біліп, онымен жан-жақты танысқыңыз келеді. Сондықтан сіз соған арнайы уақытыңызды бөлесіз, күшіңізді саласыз, міне осының бәрін ізденіс деп айтуға болады. Яғни, адам ізденіс жасамай жүре алмайды. Ғылымнан алшақ, ешқашан өзін ғылыммен байланыстырмаған адамның өзі де өзіне өміріне керек ізденістерді жүргізіп жүреді. Бірақ, әрине, ғылыми ізденістің жөні де, орны да бөлек. Ғылыми ізденістің өз ережелері, өз қағидалары, өз тәртібі бар. Көбіне жас ізденушілердің ғылыми ізденісінің қиын болып жатуының бір себебі осы тәртіптерді де толық білмегеннен болып жатады. Ол тәртіптерден хабардар болу сіздің ғылым жолындағы сапарыңызды әлдеқайда жеңіл етеді.

Ғылымда ең жиі кездесетін терминдердің бірі онтология мен эпистемология. Онтология мен эпистемологияны қарапайым тілмен айтсақ, мысалы мына гүлді. Гүл бар екені бәрімізге түсінікті сияқты. Бірақ егер біз гүлдің онтологиясын алатын болсақ, онда бұл қандай гүл, қандай биологиялық класқа жатады, аты қалай аталады, қай жерде өседі, қанша уақыт өседі, қалай өседі деген сияқты осы гүлге қатысты барлық ақпараттар жиынын осы гүлдің онтологиясы деп айтап едік.

Ал енді ол гүл туралы білмесек, оны енді зерттеу керек. Енді бірақ оны қалай зерттеу керек дегенге келгенде эпистемологияға бой бұрамыз. Өйткені эпистемология бізге айналамызды қалай тануға болатынын, оны тану үшін не істеуіміз керек екенін үйрететін сала.

Осымен бәрі түсінікті сияқты болып көрінеді. Бір затты, мәселені, құбылысты көреміз, оның не екенін білу арқылы оның онтологиясын қараймыз, білмейтін жерімізді білуіміз үшін эпистемологияға жүгініп, оны зерттеп, біліп аламыз.

Бірақ, енді оны қалай зерттеу керек дегенге келгенде тағы пікірталастар туындайды. Мысалы «Эмпириктердің» пікірінше, білімнің бәрі сезім мүшелері арқылы тануға болатын дүниемен шектеледі. Яғни, гүлді зерттейтін болсақ, онда оны біз сезім мүшелері арқылы зерттеп қана, оны тани аламыз дейді. Ол үшін біз оны бақылаймыз, өз бақалуымыздың нәтижелерін жазып отырамыз. Басқа осыған ұқсас гүлдермен салыстырамыз т.с.с.

Сондықтан олар өлшенбейтін нәрсені (онтологиясын) тануға, оның бар екенін мойындауға қиналады. Мысалы, кейде біз ұстап көре алмайтын, абстарктілі нәрселерді зерттеуімізге тура келеді. Ондай жағдайда біз ол нәрселерді ұстай алмаймыз, иісін сезе алмаймыз, көзбен көре алмаймыз, бірақ ол нәрселердің бар екенін іштей сезіп, білеміз. Ондай дүниелерді зерттегенде біз бәсекелес эпистемологияға сүйенеміз де, ал зерттеу нысаны балама онтология болады.

Мысалы, дін эпистемологиясы сеніміне арқа сүйегендер (өлшемге емес) физикалық тұрғыда көріп, ұстай алмаса да «ақиқатында Құдай бар» дейді. Осындай байырғы білім әдісі миф пен аңыздарды шындық деп қабылдайды.

ПАРАДИГМА ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Парадигманы басқаша айтқанда мектеп деп те айтуға болады. Яғни сіз бір сұрақты зерттегенде қандай зерттеу дәстүріне жүгінесіз, қандай жолмен зерттегенді дұрыс санайсыз, қандай ғалымдардың пікірін



қолдайсыз, қандай әдістерді қолданасыз, осы сынды сұрақтардың бәрінің жиынығы парадигма бойынша жіктеліп беріледі. Сіздің таңдаған парадигмаңызға сай, сіз зерттеуді қалай жүргізетінізді анықтайсыз. Парадигмаңыз анықтала салысымен, сіз қай бағытта жылжитыныңызды оңай анықтай аласыз. Сондықтан парадигма туралы түсініп алғаныңыз сіз үшін аса пайдалы болады. Егер парадигмалар туралы жетік хабардар болсаңыз, кейін жұмысыңызға шабуыл жасалған жағдайда да, оларға қарсы тұра алатын негізіңіз болады. Алдыңғы дәрісте айтып өткеніміздей, әлемді танудың әртүрлі жолдары болады екен. Сол әртүрлі жолдарды парадигма деп айтсақ та болады.

Реализм – сыртқы әлем біздің қабылдауымыздан тысқары, дербес деген көзқарас. Басқаша айтқанда, біз оны көрсек те, көрмесек те, түсінсек те, түсінбесек те, ақиқат әйтеуір бар.

Яғни бізді қоршап тұрған әлем анық, ол бар дейді.

Эмпирицизм – «білім – сезімдермен ғана шектеледі» дейтін пікір. Ғылыми әдістің маңызды іргетасына жатады.

Яғни біз сезе алмайтын нәрсені зерттей де алмаймыз, ол біздің танымымыздан тысқары деп есептейді.

Позитивизм – «барлық шынайы білім – ғылыми білім, оны ғылыми әдістер арқылы ғана тиімді түрде тануымыз» дейтін түсінік.

Сенім тудыруға қабілетті жұмысқа қойылатын талаптар

Зерттеу жүргізу сан түрлі жағдайларды ескеруді талап етеді. Соның ең бастыларының бірі – басқалардың көзқарасынша сенімді болатындай еңбек жазып шығу. Зерттеуді өзіңіз жүргізіп шыққан соң, ол сіз үшін сенімді, ең дұрыс, нағыз жақсы сапада жазылған ізденістей көрінуі мүмкін. Бірақ сіздің қаламыңыздан шыққан соң, ол көпшілікке жол тартатынын естен шығармаңыз. Сіздің еңбегіңіздің сапасы, деңгейі жайлы баға беретін сіздің оқырмандарыңыз, сондықтан сіздің пікіріңізше жұмыс қаншалықты құнды болып көрінгенімен, ол оқырман арасында сенім ұялата алмаса, оның нәтижесі сондай жақсы бола қоймас. Сондықтан зерттеуіңізді жазуда оның сенім тудыру қабілетін өлшей алатын бірнеше талаптарын үнемі ескеріп отырыңыз және оны естен шығармаңыз.

Сіз қай зерттеу парадигмасын таңдайтыныңызға байланысты зерттеу стратегияңыз да құрылады. Дәл сол секілді зерттеуіңіздің сенім тудыра алу қабілеті де парадигмаға сай әртүрлі болады. Қазір позитивистік және пост-позитивистік парадигманың бірдей талаптарға қалай жауап беретінін салыстырып көрелік:

1. Субъективтілік мойындалды ма және басқарылды ма?

Субъективтілік дегеніміз ол зерттеуде мәселені жеке жаңсақ пікірлеріңізден асатындай етіп зерттей алдыңыз ба соны қарастырады. Мәселен, егер сізден баланы қалай тәрбиелеген дұрыс деп сұраса, сіз жауап бергеніңізде өз түсініктеріңізге, жеке тәжірибелеріңізге, діни, ұлттық дүниетанымыңызға сүйеніп, сол жағдайлар бойынша дұрыс болып есептелетін жауапты айтасыз. Және соның ең дұрыс екеніне сенімді боласыз. Бірақ егер діни, ұлты немесе тәрбиесі басқаша өскен адам жауап берсе, ол сіздің пікіріңізбен келіспеуі мүмкін. Бұл орайда сіздердің әрқайсыңыздың жеке пікірлеріңіз сіздердің субъективті ойларыңыз болып есептеледі. Ал ізденушінің қарапайым адамнан ерекшелігі ол қойылған сұраққа жауап бергенде тек өзінің жеке тәжірибесі мен дүниетанымына сүйенбей, шын мәнісінде қайсысы дұрыс, маған ұнамаса да, немесе менің пікірлеріме қарама-қайшы болса да, бірақ ғылыми тұрғыда, ақылға салғанда қандай жауап ең дұрыс болар еді деген объективті пікірге жүгінеді. Енді позитивистік зерттеу парадигмасындағылар субъективистік пікірге толығымен қарсы және қандай да бір субъективті пікір араласқан зерттеуге ешқандай сенім артуға тұрмайды деп есептейді. Сондықтан, позитивистік шабуылға қарсы тұра алу үшін мен зерттеуде субъективті пікірлерге жол беріп қойған жоқпын ба, мынау ақылдың салмағымен айтылған мәлімдеме ме әлде менің бұрыннан ойлап жүрген өздігінен солай болуы керек деп білетін менің сенімім бе деген сұрақтарды ойлана жүріңіз. Ал, постпозитивизмді жақтаушылар бұл сұраққа келгенде, бейтараптықты ұстануға кеңес береді. Постпозитивистердің ойынша бір құбылысты немесе жеке жағдайларды зерттегенде сол жағдайға қатысты жайтты тек соны басынан өткерген адам ғана біле алады, сондықтан да ондай жағдайларда субъективистік пікірден аса құнды. Мысалы, қандай да бір емханадағы қызмет көрсетудің сапасын бағалап, зерттеп жүргізу керек болғанда ем қабылдаушылардың субъективті пікірі ғана қанық ақпарат бере алады. Өйткені тек солар ғана емханада жатқанда дәрігерлердің қалай қызмет көрсететінін өз басынан өткізгендер. Дәл солар сияқты ешкім де қызметтің сапасы туралы толық білуі мүмкін емес. Сондықтан да постпозитивистердің пікірінше субъективті пікір аса құнды және субъективтілікті ескерген еңбектерге сенуге болады. Дегенмен, субъективтілік зерттеу нәтижелерін



бұрмаламайтынына көз жеткізу керек.

2. Зерттеудің нысанының табиғаты ашылды ма?

Позитивистер бұл сұраққа келгенде зерттеу нәтижесі жарамды ма, ол шынайы ма деген жағына қарайды. Сондай-ақ зерттеуге қолданылған әдістер, тәсілдер және техникалар зерттеу сұрағымен байланысты ма, олар орнымен қолданылған ба деген сияқты мәселеге мән береді. Мысалы, бір ахуалды зерттеуде сауалнама жүргізу қаншалықты дұрыс болды, сауалнама қаншалықты зерттеу сұрағына жауап бере алады, мүмкін оның орнына сұхбат алған дұрыс болар ма еді деген сияқты жағына мән береді. Егер осы шарттар дұрыс орындалса, онда ол зерттеудің нәтижесіне сенуге болады. Ал постпозитивистер зерттеу нысанының аутентиттілігі немесе түпнұсқалығы жағына қарайды. Яғни мысалы, бір зерттеуде қоғамдағы жағдай зерттелген болса, ол жағдайды түпнұсқа бойынша зерттеді ме, жоқ әлдебіреудің айтқанынан, өсек-аяндар бойынша деректер құрастырылды ма деген сұраққа жауап іздейді. Егер түпнұсқа бойынша зерттеу жүргізілген болса, онда постпозитивистер ол зерттеуге сенуге болады деп санайды.

3. Зерттеуде әдістер бірізді қолданылған ба?

Позитивистер үшін зерттеу жүргізгенде деректер бір жүйе бойынша жиналып, бірдей әдістер бойынша талданып, және бір талаптар бойынша қорытындыланды ма, осы сұрақ маңызды. Мәселен, сізге мектепте жаңадан ендірілген пәннің қаншалықты сәтті болып жатқанын зерттеу керек болды делік, сонда сіз бірнеше мектептерде зерттеу жүргізіп, өзара салыстыруыңыз керек болады. Сонда егер сіз бір мектепті зерттегенде сұхбат алу тәсілін қолдансаңыз, бір мектепте сауалнама жүргізсеңіз, тағы біреуінде құжаттармен жұмыс істеу тәсілін қолдансаңыз, сіздің зерттеуіңіздің тәсілі бірізді емес болып саналады, сондықтан да ол сенім тудыруға лайық емес еңбек болып шығады. Ал егер сіз барлық мектепте бірдей сауалнама жүргізіп, және ол сауалнамалардың нәтижелерін бірдей тәсілмен талдасаңыз, онда сіздің еңбегіңіз сенімге лайық болады. Ал постпозитивистердің көзқарасынша әлеуметтік ғылымдардағы нәтижелер толығымен сенімді болуы мүмкін емес. Бірақ қолданылған тәсілдер жүйелі ме, құжаттау жағы дұрыс ұйымдастырылған ба және зерттеу жобасы зерттеу субъективтілігіне сай құралған ба осы жағына қарайды..

4. Дәйектер орынды әрі сәйкес пе?

Позитивистер бір зерттеуден алынған нәтижелерді жалпылауға бола ма, соған қарайды. Яғни бір зерттеуден алынған нәтижені үлкенірек популяцияға қолдануға бола ма? Егер қолдануға болатын болса, онда жұмысыңызға сенім артуға болады. Мысалы, сіз мектепте жаңадан ендірілген пәннің тиімділігін зерттеу керек болсаңыз, онда сіз зерттеген мектептер бойынша алынған нәтижеге сүйеніп, жалпы мемлекет бойынша ахуал туралы жалпылама қорытынды жасауға бола ма? Егер олай болса, онда сіздің зерттеуіңіз сенімге лайық. Ал постпозитивистер бойынша, егер бір зерттеуден алынған нәтижені басқа жағдайға тасымалдауға болатын болса, онда ол зерттеу сенімге лайық. Мысалы, егер сіз бір отбасындағы жағдайды зерттеген болсаңыз, ол зерттеудің нәтижелерін басқа отбасыларға қатысты жапылауға келмейді. Өйткені әр отбасы әртүрлі болады. Бір отбасындағы жағдай екінші отбасында дәл сондай етіп қайталанбайды. Бірақ сіз зерттеген жағдайға ұқсас тағы бір жағдай қайталанған жағдайда сіздің зерттеуіңіздің нәтижелері ол жағдайды зерттеуге көмегі тиюі мүмкін. Постпозитивистер осы жағына мән береді.

5. Зерттеу нәтижесін тексеруге бола ма?

Позитивистер егер белгілі бір зерттеуде қолданылған әдісті тура сол контекстегі басқа жағдайға қолдануға бола ма деген сұраққа жауап тапқысы келеді. Мысалы, егер сіз бірнеше мектептегі жағдайды зерттеп, оның нәтижелеріне қол жеткізген болсаңыз, тура сіз қолданған әдістерді қолдана отырып, басқа мектепті зерттесеңіз, осындай нәтиже тура сондай бола ма? Егер нәтиже сондай болатын болса, онда зерттеуіңіз сенімді дегенді білдіреді. Ал постпозитивистер зерттеудің аудиттілігіне мән береді. Яғни зерттеуде қолданылған әдістерді тексеріп көруге бола ма? Зерттеушілер өздерінің нәтижелеріне қалай келді, және неге осындай қорытындыларға келді деген сұраққа аса мән беріледі. Ендеше, зерттеу нәтижесіне қалай келгеніңізді тексеруге болатын болса, онда зерттеуіңізді сенімді деуге болады.

Сонымен, бұл аталған 5 көрсеткіш позитивистік және постпозитивистік тұрғыдан алғанда зерттеу қай уақытта сенім тудыруға қабілетті болатынын анықтап береді. Егер сіздің жұмысыңыз осы бес талаптың



бәріне сәйкес келетін болса, онда жұмысыңыздың сапасы шынымен-ақ жақсы деген сөз. Сондай-ақ, өз зерттеуіңізге қажет дереккөздерді жинақтауда да қарайтын ғылыми мақалаларды немесе ғылыми еңбектердің дұрысын қолданғыңыз келсе, онда оларды да осы талаптар бойынша сүзгілеп көрсеңіз болады. Бұл сізге шын мәнісінде сапалы жазылған еңбектерді табуға жақсы көмек бола алады.

Зерттеудегі адалдық

Ғылым саласы өте қатал, жалған сөйлеуді, жаңсақ пікірді, ақпараттардың бұрмалауын кешірмейтін сала. Бұның бәрі онсыз да анық әрі түсінікті, сондықтан оны талқылаудың, оны жеке бір дәріс етіп алудың қаншалықты қажеті бар едеген орынды сұрақ туындауы мүмкін. Бірақ іс жүзінде келгенде ғылыми ізденіс жүргізуде кейде біз ойламаған, немесе алдымыздан шыққанда қалай әрекет етуімізді білмей қалатын жайттар көп кездеседі. Әсіресе, бұл әлеуметтік мәселелерді зерттейтін, кейбір жеке тұлғалардың жеке өміріне байланысты жағдайлармен тікелей қарым-қатынасқа түсуге міндетті болатын әлеуметтік бағыттағы зерттеулерге тікелей қатысты.

Сондай-ақ бұл зерттеушінің өз зерттеу жүргізуіндегі тәсілдерді таза жолмен құрастыруына да байланысты. Көбіне әлеуметтік саланы зерттеушілердің тақырыбы қоғамдағы жағдайлармен тікелей байланысты болады. Бұл көбіне әлеуметтану, мәдениеттану, дінтану, саясаттану, антропология, кейде педагогика сияқты гуманитарлық ғылымдарға тән. Әрине бұл саладағы зерттеулер таза дереккөздермен жұмыс істеумен шектелуі біздің елімізде басым, бірақ менің ойымша біздің де жас ізденушілеріміз, уақыттың өтуімен, жеке адамдармен, кейс стади бойынша, далалық зерттеулер арқылы зерттеулер жүргізетін уақыт алыс емес. Сондықтан осы сында зерттеулерде кездесуі мүмкін қиындықтармен таныс болғанның еш артықтығы болмайды. Сонымен, бұл бағыттан қоғаммен тікелей жұмыс істейді дедік, яғни олар кадімгі сіз бен біз сияқты адамдармен жұмыс істейді дегенді білдіреді. Жеке адамдармен жұмыс істегенде ескеретін жайттар бар:

Сіз зерттеу жүргізу барысында бір отбасыдағы зорлық-зомбылық туралы, немесе белгілі бір мекемедегі заңға қайшы әрекеттер туралы біліп қалдыңыз делік. Бұндай жағдайда қалай іс-әрекет еткен дұрыс? Зерттеушінің ешбір іс-әрекеті заңға қайшы болмауы керек екені онсыз да түсінікті, бірақ егер зерттеушінің өз іс-әрекеті емес, бірақ оның білген нәрсесі заңға қайшы болатын нәрсе болса ше? Бұндай жағдайда үзілді-кесілді тікелей полицияға хабарлаңыз деп айтып қоя салу дұрыс болмайды. Себебі әр жағдай әртүрлі болуы мүмкін, сондықтан да оның бәріне жарай беретін бір ғана шешім болуы да мүмкін емес. Соған байланысты, бұндай жағдай алдыңыздан шығып жатса, бірінші кезекте бұл жайында ғылыми жетекшіңізге хабарлағаныңыз жөн. Жетекшіңізбен бұл жайтты ашық талқылап, осыған қатысты кеңес алу дұрыс болады. Енді осы дәрісті жазуға себеп болған оқулық бойынша бұндай жағдайда этикалық кеңеске жүгінуге кеңес береді. Бірақ, өкінішке орай, бізде ондай кеңестер жоқ. Сол себепті де сіз бұндай жағдайда, мүмкін болып жатса, қажетті органдарға немесе сіз қажет деп тапқан адамдарға айтқаныңыз дұрыс болар. Бірақ қалай болғанда да, сіздің шешіміңіз сізге зиян тигізбейтіндей болатынын ескергеніңіз дұрыс. Өз қауіпсіздігіңізді қатерге тікпеңіз.

Кейде зерттеу барысында сіз ауыр жағдайды бастан өткізген, немесе ауыр жағдайды көрген адамдардан сұхбат алуыңыз мүмкін. Мұндай жағдайларда сіз алып отырған сұхбат нәтижесінде респонденттердің көңіл-күйінің нашарламауын, оған психикалық немесе физикалық ауыртпашылықтар түсірілмеуіне аса мұқият болуыңыз керек. Егер сұхбат сіз ойлағандай жеңіл түрде жүрмей жатса, респонденттің жағдайының жақсаруын күтіп, сұхбатты кейінге шегерген, немесе оның мүмкіндігінше жеңілрек өтуі үшін сұрақтардың құрылымы туралы, сұхбатты қалай тиімдірек жүргізу туралы ойланғаныңыз абзал. Өйткені сіз өз зерттеуіңіз үшін ешкімнің де жапа шегуіне жол беруге құқыңыз жоқ. Сұхбат дұрыс жүргізіліп болған соң да, респонденттердің жауаптары зерттеуде қалай көрініс табуы керек екені жайлы да мұқият ойланыңыз. Болашақта сіздің зерттеуіңіздің себебінен зерттелушілер ешқандай зардап шекпейтіндей болуы керек. Оның ішіне зерттелушіге қатысты құпиялық міндетті түрде кіреді. Басқа талаптар туралы егжей-тегжейлі оқулықтан қарап біле аласыздар.

Келесі дәрісте біз зерттеу ұсынысын жазуды үйренеміз.